


БАТЫРЛАР - ҒЛ ҚОРҒАНЫ



Бауыржан Момышұлы

**Көз жұмғанша ел мүддесін ту ғып
ұстап қасарған,
Ар мен намыс сөз болғанда өзіңнен
кім аса алған
Бір ғажабы: қан майданда көзсіз
батыр атанып
Куәлігін жарты ғасыр кеш алған,-
Сендей қайсар перзент туу әр әйелге
бас арман!**




- Суретте Бауыржан МОМЫШҰЛЫ, зайыбы Жәмила ЕГЕМБЕРДИЕВА және майдангер-жазушы Дмитрий СНЕГИН.

- Момышұлы Бауыржан (1910-1982) — Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері - Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені. Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін мұғалім болған. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болады.
- 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И. В. Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады.

- Соғыс кезіндегі жеке басының қаһармандық ерлігімен және ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен ерекше көзге түседі. Бірнеше рет жау қоршауынан жауынгерлерін аман-сау алып шығады. Москва түбіндегі шайқастағы ерлігі сол кездің өзінде Одақ көлеміне аңыз болып жайылады. Бауыржанның осындай ерлігі жөнінде белгілі орыс жазушысы А. Бек "Волоколамское шоссе" (қазақшасы "Арпалыс") повесін жазды. Бұл шығарма кейін бірнеше тілге аударылады.
- Соғыстан кейін Бауыржан Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналысып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді.

- Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады.
- Бауыржан бірнеше орден, медальдермен наградталады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі "батырым" деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың жарлығымен оған "Халық қаһарманы" деген атақ берілді.



- Ұмытпайды бейнеңді ұлы халық,
Көңіліндей күні де, түні жарық,
Бек те сені жырлады өмір бойы
Бойыңдағы отыңнан жылу алып.

Батыры бар ел сағын сындырмайды,
Суық жүзін біз жаққа күн бұрмайды.
Қорғап өткен намысын Бауыржанның,
Туған халқы жырламай

кім жырлайды...

Тұманбай Молдағалиев





Батыр ұрпақтары



Бақытжан
Бауыржанұлы





Суретте: қос Бауыржан



Батыр рухына тағзым